апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 07/599

15 февраля 2019 года

газета издается с 26.06.2004 года

*Қала өмірінен*

## КЕЗЕКТЕН ТЫС ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

**Өткен аптаның бейсенбісі, яғни 7-ақпан күні «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалының XXVII кезектен тыс конференциясы Приозерск қалалық мәслихатының мәжіліс залында болып өтті. Кезектен тыс партия конференциясына қаламыздан сайланған делегаттар, қалалық мәслихат депутаттары, жастар ұйымының өкілдері, мекеме, мектеп, балабақша, денсаулық сақтау ұжымдарынан өкілдер мен баспасөз өкілдері қатысты.**



Конференцияны «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев ашты. Ол Приозерск қалалық филиалының XXVII кезектен тыс конференциясында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру атты 2018-жылғы 5-қазандағы Жолдауын іске асыру барысы туралы», «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XXXI облыстық конференциясына делегаттар сайлау туралы» мәселелер қаралатынын мәлімдеді.

Бірінші және екінші мәселелер бойынша «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Д.О.Дүйсембаев баяндама жасады. Баяндама бойынша Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы, депутат Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков, «Приозерский вестник» газетінің арнаулы тілшісі, ақын Нұрғали Қыдырмұратұлы Карабеков (аталмыш екі тұлға да «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы төрағасының бұрыңғы бірінші орынбасарлары), Приозерск қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ахан Жармаханұлы Жүсіповтер жарыссөзге шықты.

Кезектен тыс конференцияда Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығының директоры, «Жас Отан» жастар қанатының хатшысы Ұлан Алмасұлы Алмас Приозерск қаласы жастар ұйымының атқарып жатқан және алдағы атқарылатын жұмыстары жөнінде баяндама жасады.

Конференцияда «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XXXI облыстық конференциясына делегаттар болып «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев және Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығының директоры, «Жас Отан» жастар қанатының хатшысы Ұлан Алмасұлы Алмас сайланды. Сондай-ақ аталған конференцияға Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков қатысатын болып шақырту жасалды.

Конференцияда жоғарыда қаралған мәселелер бойынша тиісті қаулы қабылданды.

Конференция соңында «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы төрағасының бұрыңғы бірінші орынбасарлары, байырғы партия мүшелері Б.М.Сәрсембеков, Н.Қ.Қарабеков және М.Қ.Сахаловтарға, партия ардагерлері Марат Серікбайұлы Жұмабеков пен Алтынай Төребекқызы Рахымбаеваға «Нұр Отан» партиясы Қарағанды облыстық филиалы



төрағасының бірінші орынбасары Қ.Оспанованың қолы қойылған Алғыс хатты «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы төрағасы, қала әкімі Кайрат Амангелдіұлы Камзин табыс етті.

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ.**

***Суретте: конференциядан көріністер***



*Отчетные встречи*

## АКИМ ГОРОДА ОТЧИТАЛСЯ ПЕРЕД НАСЕЛЕНИЕМ

**На прошлой неделе, 8-февраля, в актовом зале городского центра детско-юношеского творчества «Достык» состоялась отчетная встреча акима города Приозёрск Камзина Кайрата Амангелдиевича с населением города о проделаной работе за 2018 год.**



Перед началом отчетной встречи в холле ЦДЮТ городским центром занятости для горожан была организована ярмарка вакансий, в ходе которой соискатели рабочих мест могли ознакомиться с перечнем вакансий и предъявляемым требованиям к кандидатам.

В своем отчетном докладе Кайрат Амангелдиевич отметил, что итоги социально-экономического развития нашего города характеризуются следующими показателями: Объем производства промышленной продукции составил 7 млрд. 299 млн. тенге, индекс физического объема – 111,8 % к уровню 2017 года; Объем розничного товарооборота сложился в сумме 1 млрд. 962 млн. тенге или 100,3 % к прошлому году; В основной капитал вложено 1 млрд. 247 млн. тенге инвестиций, что ниже уровня 2017 года на 17,8 % по причине снижения объемов финансирования бюджетных проектов; Объем валовой продукции сельского хозяйства - 152,4 млн. тенге или 109,1 % к 2017 году; Объем строительных работ произведен на сумму 816,4 млн. тенге или 81,4% к предыдущему периоду;

Площадь введенного жилья доведена до 5 003 кв.м за счет ввода в экс-плуатацию многоэтажных жилых домов;

На 10 % увеличилась по сравнению с 2017 годом сумма собственных доходов в бюджет города и составила 270,6 млн. тенге.

Останавливаясь на развитии малого и среднего бизнеса аким города отметил, что в сфере малого предпринимательства работает 811 субъектов, из которых действующими являются 669 или 82,5%. Ими произведено товаров, работ и услуг на сумму 683 млн. тенге или 110,8 % к 2017 года. Численность работающих в хозяйствующих субъектах малого предпринимательства составила 1 318 чел. или 92,6 %. Субъектами малого предпринимательства выпущено продукции на сумму 683 млн. тенге или 110,8 % к 2017 г. В целях сдерживания цен на продукты питания проводились такие мероприятия, как проведение на центральной площади еженедельных сельско-хозяйственных ярмарок по ценам ниже рыночных на 10-15 %. В период с 17 марта по 15 декабря проведено 38 ярмарок, на которых реализовывалась продукция товаропроизводителей Балхаша; Актогайского района и Жамбылской области. Всего реализовано свыше 937,7 тн продукции на сумму 239 млн. тенге.

Останавливаясь и на других мероприятиях, проведенных по социально-экономическому развитию города, в конце своего доклада Кайрат Амангельдиевич отметил намеченные на 2019 год планы: Для дальнейшей реализации программы "Развитие регионов до 2020 года" разработана проектно-сметная документация на:

-строительство 90-квартирного дома по ул. Балхашская и ИКИ к нему;

-капитальный ремонт и усиление несущих конструкций городского стадиона;

-реконструкцию внутригородских водопроводных сетей города;

-строительство 24- квартирного дома по ул. Достык, 24.

После доклада жители города обратились к акиму города с вопросами по поводу обеспечения теплом жилых домов и работы котельной города, обустройства дворов домов, относительно снижения цен на коммунальные услуги, установления во дворах газовых установок для подачи газа в квар-



тиры в целях предотвращения взрыва газовых баллонов и т.д. По завершении встречи аким города Камзин К.А. заверил жителей города, что все поступившиеся вопросы, и по специальным урнам, и заданные при встрече, будут взяты на особый учёт, по ним будет составлен план мероприятий по их устранению и результаты будут доведены до населения города через средства массовой информации.

На отчетной встрече акима города с населением присутствовал руководитель Управления по мобилизационной подготовке Карагандинской области Жылкыбаев Жомарт Аменулы.

**Б. Алшынбекулы.**

*Болашаққа нақты қадам*

# ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – РУХАНИ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫ




Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының жарық көруі – еліміздің саяси өміріндегі елеулі оқиға. Рухани сілкініс тұрғысында қабылданған бағдарламалық маңызды құжатта салмақты елдік мәселелер көтерілді. Солардың бірі – таяу жылдардағы міндеттер сапында аталған қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау мәселесі. Бұл ұлттық мәселе бүгін ғана қозғалып отырған жоқ. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылдың 14 желтоқсанында Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «***Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл - ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады***»,- делінгенді.

Әліпби ауыстыру мәселесі – аса күрделі тірлік. Елді бірқыдыру дүрліктірмей де қоймайды. Әжептәуір ауқымды шара болғандықтан да, оның жақтаушылары да, қарсыластары да болары сөзсіз. Оған таңғалуға, таңдай қағуға болмайды. Бәрі түсінікке, ұғымға байланысты. Тек бұл істе әрбір қазақ азаматы білек сыбанған іс - әрекет үстінде көрінуі тиіс. Сонда ғана бізде уақыттан кешеуілдеу, кеш қалу, кейін бармақ тістеу, ұлы көшке ілесе алмай ілбу болмасы анық.

Алғашқы кезекте айтарымыз, қазіргі дәуір тәжірибесі әлеми ақпарат кеңістігіне өтудің төте жолы ретінде латын жазуын таниды. Ал әлеми ақпарат кеңістігіне ретін тауып өте алмай қалған елдердің даму қарқыны бәсең болары анық. Бүгінгі таңдағы қытай мен жапондар да әліпби таңбалары бөлекше бол-ғанымен, ғылыми - өндірістік үрдісін латын негізінде дамытуда.

Әліпбиді ауыстырудың астарында саяси - әлеуметтік те мән бар. Жасыратыны жоқ, орыс жазуынан қашу – көрші Ресей империясының сан ғасырларға созылған «ағалық» ықпалынан құтылудың, құлдық санадан айығудың бір амалы. Қазақы көпшілік қауым мұны дұрыс түсінуде. Ақиқаты, егемендіктің айғақ белгісіне елтаңба, ту, әнұранмен бірге, күнделікті тірлік мазмұны жазу да енбек. Яғни, жазу – тек әріптер жиынтығы емес. Ғылым тілінде, жазу әліпби, таңба, ереже-емлелерден құралмақ. Әліпби – тілдің дыбыс құрамы, таңба – дыбыстың қауызы, ал емле-ереже – әліпби мен таңбаның ұлттық дәнекері. Қысқасы, әліпбиі, таңбасы мен емлеережесі үйлескен жазу – тіл егемендігінің кепілі. Тіпті, әліпби ауыстыруды айтпағанның өзінде, қазақ жазуын бір екшеп, саралап алар мезгіл жеткендей. Демек, бұл бағыттағы шараны тек әліпби ауыстыру ісі деп қарамай, кең тұрғыдан жазу реформасына ұластыру орынды болмақ. Шынтуайтында, қазақ жазуының тарихы қазақ зиялылары үшін «әліпби айтысының» тарихы да. Оған дәлел, қазақ білімпаздарының 1924 жылғы Орынборда өткен тұңғыш съезінің материалдары. Не болмаса, Ахмет Байтұрсынұлының жазуынан латынға, латыннан кирилге көшкеніміз тарихтан белгілі. Кирилге жарлықпен бір-ақ күнде көшкеніміз де мәлім (Түрік Республикасының да өз кезінде түрік латын әліпбиіне жарлықпен бір-ақ күнде өткені де белгілі).Қазіргі «әліпби айтысының» да ауқымы кең болары байқалды. Бұған да Елбасымыз тоқ етерін айтып, нүктесін қоя білді.

Иә, Жаратқан қолдап, еліміз егемендікке қол жеткізді. Мемлекетіміз ешкімге жалтақтамай тірлік жасайтын дәрежеге жетті. Енді қоғами - мәдени келешектің қамын ойлау дұрыс. Түсінген тұлғаға латын әліпбиі арқылы әлеми ақпарат кеңістігіне өту, жоғары технологияны игеру – елдің тұрмыстық деңгейін көтерудің ең ұтымды жолы. Демек, Тәуелсіз мемлекетімізді жаһандық деңгейде дамуына жол ашатын латын әліпбиіне көшудің ғаламат жағдайы туып отыр. Біз мұны «Қазақстан – 2050» Стратегиясының басты мақсаттарына қол жеткізудің және әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кірудің бірден-бір мүмкіндігі деп танимыз.

Мәселенің анығына келсек, қазіргі қазақ тілі жазуында тіл бұзар емле-ережелер қаптап жүр. Сол себептен де кезінде оны танымал филолог ғалым ағаларымыздың бірі «өзіме өгей өз тілім» деп басын ұстаған. Қазір тәуелсіздік алып, қолымыз өз аузымызға жетті дегеннің өзінде де, мәңгүрт санамызға сіңіп қалған сол тіл бұзар емле - ережелерден құтылу оңай болмай отыр. Тіпті, тіл мамандарының арасында да орыс тілінің ***и, у*** тәрізді кірме «жетістіктерінен» айрылғысы келмейтіндер жетіп артылады. Олар оны қазақ тілінің «даму жетістігі», «жаңа сатыға көтерілген түрі» ретінде бағалап, қазіргі орыс текті ***ми, ки, ту, су*** деген жазуымызды латын негізінде ***mi, ki, tu, su*** деп жазуды ұсынуда. Егер қазақтың ***мый, кій, сұу, тұу*** деген сөздерін қайтадан ***mi, ki, tu, su*** деп , қазақ тілінің түбір, буын, морфем айтылымын бұзып жазатын болсақ, онда әліпби ауыстырудың еш реті жоқ.

Латын әліпбиіне көшудегі қырық уайымның бірі – бұрынғы орыс жазуы негізіндегі жазба мұраларымыздан айырыламыз, ертең оларды ешкім оқи алмайды деу. Орыс жазуын салған жерден тыйып тастайын деп отырған ешкім жоқ. Кирил жазуы латын жазуымен ондаған жыл қатар жүрмек. Оқулықтар жыл ретімен бірте-бірте латын жазуына көшірілмек. Әдеби шығармалар мен ғылыми көпшілік еңбектер де сол ретпен жаңа жазуға ауыспақ. Бұрынғы жарық көрген шығармаларымызды бәрібір қайта баспай отыра алмасымыз сөзсіз. Бұған қоса, бүгінгі таңда келешек ұрпақты көптілділікке (қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне) баулу мәселесі-заман талабы, сәйкесінше, мемлекеттік шаралардың бастыларының сапында. Өркениетті елдердің тәжірибесі де – көптілді ұрпақ қалыптастыру. Елге келген шетелдіктердің қай-қайсы да ең аз дегенде 2-3 тіл білетіндігін көріп жүрміз. Олар қазақ тілін үйренуге ынталы. Бұның басты себебі: батыс елдерінде жақсы тұрамын, ісім өнімді болсын десең, көп тіл білуің - заңдылық. Демек, батыс елдерінде көп тіл білу – кәсіби жетістік. Қазіргі Қазақстан мемлекетінің тіл саясаты да осы арнада өрбуде. Ал шығыс болмай, кіріс болмайды. Қай шаруа да шығынсыз бітпесі анық. Жазу ауыстырудың да өз шығыны болары анық. Кітап басудың, оқулық шығарудың шығынын айтасыз ба?

Латын әліпбиіне өтпегенде кітап баспай, оқулық шығармай құр отырмас едік. Мамандарды латынға икемдеп, қайта дайындауда да ақырзаман тудырудың еш жөні жоқ. Мұғалімдер үшін жұмыс бағыты әлімсақтан қалыптасып қалған мұғалімдердің білім жетілдіру институттары бар. Ал мектептердің өзі латын әліпбиін үйретудің ошағына айналады. Мемлекеттік мекемелер мен жекеменшік кәсіпорындардың өз мүмкіншіліктерін кім жоққа шығарады. Ақылы-ақысыз тіл үйрететін орталықтар қаншама. Университетіміз де осы ұлтымыз үшін аса өзекті де қажетті ұлы іске қазірдің өзінде сақадай-сай әзір. Кім-кімге де адастырмайтын дұрыс бағыт сілтеуге даярмыз. Біздіңше, латын әліпбиін үйренуге көп мерзімнің қажеті шамалы. Берісі 3 ай, әрісі жарты жыл жетіп жатыр. Қысқасы, латын әліпбиіне көшерімізге еш күмән жоқ. Уақыт алмай, білек сыбана іске кіріселік! «Ілгері кеткен жұрттың қатесін енді ілгерілейін деп тұрған жұрттар істесе, көре тұра отқа түскендік болып шығады», - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, жақсыдан үйренейік, жаманнан жиренейік, тек ұлттық келбетімізді жоймалық. Әліпби ауыстыру сынды ұлт ісінде кеңесе келген шешімнің кемісі болмасын ескерелік.

**Кульмагамбетова Ж.Ж.,**
***КМҚК «Айналайын» бөбекжайының тәрбиешісі***

*Исполняя поручение Главы Государства*

# НОВАЯ СИСТЕМА ОПЛАТЫ ТРУДА ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ

В целях исполнения поручения Главы Государства по формированию эффективной системы государственной службы, Агентством РК по делам государственной службы и противодействию коррупции был запущен пилотный проект по выплате заработной платы госслужащим. В рамках проекта предусмотрено применение факторно-бальной шкалы, по которой будет оцениваться, и начисляться заработная плата. Определяющими факторами станут размер заработной платы госслужащего, сложность решаемых вопросов и уровень ответственности каждого госслужащего в достижении положительных результатов.

Проект реализуется в рамках плана Нации «100 конкретных шагов», система оплаты труда госслужащих была запущена еще в январе 2018 года. В пилотном режиме новая система внедрена в акимате города Астаны, акимате Мангистауской области, Министерстве юстиции и в Агентстве по делам государственной службы и противодействию коррупции.

В Казахстане данным методом пользуются в 174 частных и компаниях квазигосударственного сектора. Система дает возможность начисления баллов, для каждой должности исходя из трех основных факторов: уровень образования для эффективного выполнения служебных обязанностей, компетенция и опыт работы; степень сложности задач поставленных перед госслужащим; степень ответственности за достижение результата. Надо сказать, что оплата труда определяет совокупность факторов для каждого из баллов.

После внедрения новых правил зарплата в Казахстане для госслужащих составит около 300 тыс. тенге. В том числе в конце года будут начисляться вознаграждение (или так называемые бонусы).

В разработанной схеме предусматривается учет таких составляющих, как:

компетентность;

степень сложности работы;

ответственность за ее итоги.

Государственные служащие теперь будут оцениваться по категориям работы: «превосходная», «эффективная», «удовлетворительная», «неэффективная». Бонусы ожидают только представителей двух первых групп. Что до «неэффективных» сот-рудников, то два года с такой оценкой грозят увольнением.

Воплощение данного проекта в жизнь предполагает такие положительные результаты, как:

повышение эффективности работы госслужащих;

приток новых кадров и сокращение текучки персонала;

уменьшение разрыва в окладах центра и регионов страны до 10%.

По первым двум пунктам на сегодняшний день уже есть позитивная динамика. Количество желающих работать на госслужбе выросло в 2 раза, да и качество работы сотрудников также растет.

Интересным аспектом в новых правилах является то, что в расчете опыта работы и определении оклада теперь будет учитываться только служба на равной должности, а не период общего стажа.

Финансирование новой системы оплаты труда предусматривается за счет внутренних резервов госорганов, а также сопутствующей экономии по мере оптимизации госаппарата.

Согласно прогнозам экспертов Агентства по делам госслужбы, новый подход к работе госслужащих и ее оплате будет способствовать значительному повышению ее качества и одновременному сокращению расходов.

**А. Баекешова,**
***главный специалист отдела службы управления персоналом (кадровая служба) аппарата акима г. Приозерск***

*Семинар- совещание*

# ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ ПРИ ОСУЩЕСТВЛЕНИИ ГОСКОНТРОЛЯ ЗА ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ И ОХРАНОЙ ЗЕМЕЛЬ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

**По инициативе Управление по контролю за использованием и охраной земель Карагандинской области 23 января 2019 года в 15:00 часов в здании аппарата акима Карагандинской области** (ул.Алиханова 13, 4 этаж, конференц.зал) состоялся рабочий семинар - совещание с участием руководителя Управления государственного контроля Комитета по управлению земельными ресурсами Министерства сельского хозяйства РК М.Ж.Мендыбаев; заместитель прокурора области, старший советник юстиции Т.М.Мунайтпасович; прокурор ГУ «Управление по правовой статистике и специальным учетам Карагандинской области» Д.Н.Сагинтаев; заместитель руководителя Департамента юстиции Карагандинской области Н.О.Есебаев; заместитель директора НАО «Государстенная корпорация «Правительство для граждан» по Карагандинской области Р.Е.Жакупов, а так же заместители акимов городов и районов, руководители отделов земельных отношений, государственые инспектора по контролю за использованием и охраной земель сельхозназначение городов и районов **на тему**: **Проблемные вопросы и пути их решении при осуществлении государственного контроля за использованием и охраной земель по Карагандинской области**



На рабочем семинар-совещании выступил с докладом руководитель Управления по контролю за использованием и охраной земель Карагандинской области Ахметов Саяш Шаухатович по теме: **Проблемные вопросы и пути их решении при осуществлении государственного контроля за использованием и охраной земель по Карагандинской области»**

Также, в ходе семинар-совещания, были рассмотрены и обсуждены наиболее характерные вопросы, возникающих в ходе осуществления государственного контроля за использованием и охраной земель, озвучены пути их решения.

**Управление по контролю за использованием и охраной земель Карагандинской области**

# ЭКСТРЕМИСТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ИДЕОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ТЕОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Жат ағымдардан сақтанайық!*

**Экстремизм сөзінің мәні мен мағынасы**

Дін – белгілі бір қауымның, ұлттың немесе тұтас халықтың ішкі рухани сұранысына жауап бере отырып, дүниетанымы мен өмірлік ұстанымын, сол халықтың салт-дәстүрін қалыптастыруда үлкен рөлге ие. Дін жекелеген адам өмірі мен тұтас қоғамды үйлестіре білуде маңызды функцияны атқарады.

Тарих қойнауына көз жіберсек археологиялық қазба жұмыстары көрсеткендей, ерте дәуірлерде Тигр мен Ефрат, Ніл , Ганга, Хуанхэ өзендері мен аңғарлары бойында мекен еткен, алып өркениеттердің қай қайсында болмасын дінге деген сенім болған. Өмірдің бастамасы деп, «бір ел күнге табынса, енді келесі бір өркениет иелері отқа, табиғат пен тылсым құбылыстарға бағынған». Дегенмен, әр ғасырлардың қоғам дамуының қай саласында болмасын өзіндік өзекті мәселелері де жоқ емес.

Бүгінгі таңда, XXI ғасыр саяси-әлеуметтік жағдайдың жақсарып, экономика мен жаңа технологияның ғарыштап дамуымен қатар, шешімін табуы тиіс өзіндік мәселелерге де толы. Сол өзекті мәселелердің бірі барша әлемді алаңдатып отырған, кез келген орта мен қоғамға үлкен қауіп төндіруден таймайтын экстремисттік ұйымдар және олардың қаруы күшті идеологиясы болып отыр.

**Экстремизм** (лат. extremus – «шеткі») – адамның басқа түсініктерді, сенімдерді, дәстүрлер мен құндылықтарды қабылдамауға түрткі болатын белгілі бір сенімдер мен шектен тыс радикалды көзқарас жолын ұстануы.

**«Экстремизм»** сөзінің ең жақын синонимі «радикализм». Бұл сөз де жанама түрде мейлі дінде, мінез-құлықта, пікірде болсын, қалыпты, дұрыс деп қабылданған деңгейден ауытқу. Экстремизм жалпы түрде ешбір мөлшерді, тәртіпті мойындамайтын, өзінің шектен шыққан пікірі мен іс-әрекеттері арқылы ерекшеленген адамдарды білдіреді.

Экстремизмнің әр түрлілігіне тән сипаттарының ерекшеліктерін мынадай сәттермен белгілеуге болады:

1.**Діни экстремизм** – мемлекеттік құрылымды өзгертуге бағытталған (билікті күшпен басып алу да бар) әрекет, мемлекеттің аумақтық тұтастығы мен егемендігін бұзу. Саяси мақсаттардың соңына түсу – діни экстремизмнен діни-саяси экстремизмді ажыратуға мүмкіндік береді.

2.Діни-саяси экстремизм діни жорамал, не ұрандармен көмкерілетін немесе тасаланатын саяси әрекеттің заңға қарсы түрі болып есептеледі.

3.Өздерінің мақсаттарына жету үшін күресудің күш қолданатын әсілі – діни-саяси экстремизмнің ерекшелігінің қыры.

Діни-саяси экстремизм әлеуметтік-саяси мәселелерді шешу жолында келісімге, ымыраға келу, тіпті бітімгершіл мүмкіндіктерді теріске шығарады. Діни-саяси экстремизмнің жақтастары, бірдей сенімдегілерді қосқанда, бұлардың саяси көзқарастарын ажыратпайтындардың бәріне қатынасы өрескел төзбестікпен айрықшаланады. Олар үшін ешқандай да «саяси ойын ережелері», рұқсат етілген мен етілмегеннің шекарасы болмайды. Мемлекеттік институттармен майдандасу – олардың мінез-құлқының стилі. Әлемдік діндер үшін, негізі қаланған болып табылатын «алтын аралық» пен «олар сеніммен сондай қатынаста болатындай ету үшін, өзгелерге өзің қаламағандай қатынас жасама» деген қағидалар жоққа шығарылады. Олардың қоймасында бос сөздермен келіп тоғысатын күштеу, өрескел қаталдық пен озбырлыққа ұмтылушылық басты нәрселер болып табылады.

Сонымен, саяси ортада пайда болған экстремизм - саяси экстремизм, ал діни ортада пайда болған экстремизм - діни экстремизм деп аталады. XXI ғасырдың соңғы жылдарында діни ұйымдар мен сенімдерге негізделген діни экстремизм қанатын кең жайып келеді. Діни ілімнің кейбір қағидаларын бұрмалай отырып барынша өз мүддeлеріне пайдалану діни экстремисттік топтар мен ұйымдарға тән қасиет.

Терең теологиялық тұрғыда талдауды қажет ететін кейбір діни сұрақтар мен мәселелер бойынша жіберілген қателіктер әлбетте бұрыс көзқарас пен ортаның қалыптасуына алып барары сөзсіз. Діни білім мен діни сананың төмендігі салдарынан белгілі бір адамдар тобынан діни экстремисттік ұйымдардың пайда болып, қоғамға зиянын тигізуге себеп болуда.

**Экстремисттік ұйымдардың пайда болу алғы шарттары мен себептері**

Қазақстан өз алдына дербес ел болып тәуелсіздігін алғаннан кейін саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайдан тыс халықтың бойында ішкі рухани сұраныс кеңістігі пайда болды. Бұл психологиялық жағдайдағы үрей, өкініш, қасірет, торығу сияқты эмоциялық қолайсыз сәттердің басым болуы өмірдегі келеңсіз жағдайлардан туындайды. Адам әлеуметтік дәрменсіздіктің салдары ретінде қабылданатын, осындай кері эмоциялардан арылудың жолдарын іздейді және нәтижесінде дінге келеді. Сондықтан, дінді зерттегенде адамдардың психологиясына; тұрмыс жағдайына, рухани дүниетанымы мен менталитетіне ерекше көңіл бөлінуі керек.

Қазақстан - егеменді ел ретінде қалыптасу кезеңінен өтті және дүниежүзілік қауымдастықтың толық қанды мүшесіне айналды. Егемендігіміздің қалыптасуы мен дамуы нәтижесінде еліміздің діни саласында көптеген өзгерістер орын алды.

Діни жағдай феноменінің негізгі ерекшелігі, оның үздіксіз жаңаруы, тосын құбылыстардан көрініп отыруы. Діннің пайда болуы мен таралуының өзі әр қоғамда әр түрлі болады. Демек, бұл мәселені зерттеу де толассыз ізденісте болуы керек.

Діни экстремизм, негізінен, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауымен, халықтың тұрмыс жағдайы құлдыраумен, адамдардың үкіметке және оның жүргізіп отырған саясатына риза болмаған жағдайларында, сонымен қатар адамдардың тіршілігіне әсер ететін моральдық-психологиялық факторлар орын алған жағдайда көрініс береді.

Діни экстремизм кез келген мемлекет тұтастығына сызат түсіріп отырған бірден-бір қауіпке айналып отыр. Еліміздегі діни экстремизмнің пайда болуы мен белең алуының себеп салдарларын бірнеше топқа бөлу арқылы анықтауға болады.

Біріншіден, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алу жылдарының басында мемлекетті нығайту үшін негізгі күш жігердің барлығы экономикалық әлеуетті арттыруға жұмсалды. Мемлекет халыққа дін мәселесі туралы нақты бағыт бағдар бермегендіктен қазақ халқы дін туралы мәліметтер мен діни уағыздарды әр түрлі діни ағымдар өкілдерінен сусындай бастады.

Екіншіден, еліміз тәуелсіздігін ала салысымен діни сенім бостандығын жария етті. Яғни, Қазақстан Республикасының Ата Заңының бірінші бабының бірінші тармағында көрсетілгендей Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Бұнда «Зайырлы»-ға тоқталар болсақ мемлекет пен діннің ара қатынасын реттеудегі жіберілген негізгі себептердің бірі деп айтуға болады. Яғни, мемлекет діннің ісіне араласпауы арқылы осындай күйге түсіп отырғандығымыздың айғағы деуге болады.

Үшіншіден, діни сауатсыздық пен діни мамандардың дайындау мәселесіне келетін болсақ, бұл салада да ақсап жатқан тұстарымыз баршылық. Діни білім аламын деген жастарымызды бейберекет шеттелдерге, мысалы, діни радикализмге үндейтін Сауд-Арабиясы, БАЭ, Пәкстан секілді елдерге оқуға жіберілді. «Қай мемлекет қандай дінді ұстанады? Қандай діни оқу орнының ұстанымы біздің дәстүрлі діни сенімімізге сәйкес келеді ме?» деген мәселелерге көп көңіл аударылмау себебі.

Төртіншіден, әсәре діншілдер елімізге сырттан келіп әлденіп, әбден аяқтарына нық басып орнығып алғаннан кейін, дінде ұлтқа бөлінушіліктің болмайтынын насихаттап, елімізде діни космополитистік ортаны қалыптастырып жатқандығы аздай, енді құқызырлы орындардың өзіне қарсы шауып жатқандығы белгілі.

Бесіншіден, халықаралық лаңкестік пен діни экстремизм мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының аумағында ауыр қауіптердің бірі яғни негізгі себептердің бірі заңсыз миграция мәселесі болып отыр. Өкінішке орай, Елімізде кейінгі жылдары өте жылдам көбейіп кеткен дәстүрлі емес бағдарын ұстанатын әр түрлі діни ағымдар мен орталықтары шетелде орналасқан саналуан секталар ішімізден іріту әрекетіне бет бұрып, мемлекетіміздің саясаты мен біртұтастығына әлі де қауіп төндіруде екенін ұмытпауымыз керек.

Өкінішке орай, бүгінде Қазақстанда діни экстремизмнің ерекшеліктері айқындала түсуде. Қазір ислам дінінің ішіндегі тәуелсіздігімізге мойын ұсынбайтын, мемлекеттігімізге шүбә келтіретін, тәкфиршілер мен жиһадшылар, қазақтың салт-дәстүріне мұрын шүйіріп қарайтын уахабшылар, ұзақ жылдар бойына саналары коммунистік идеямен уланғандар «енді батыстың бұзақы догмаларымен бұзыла бастады» деп, өздерінің «исламды тазарту керек» деген әңгімелерін айтып жүр. Сөйтіп, олар қазақ халқы ұстанатын дәстүрлі ислам дініндегілердің бәрін «кәпірлер» қатарына қосып, олармен күресуге шақырады.

Діни экстремистер мен теріс пиғылды топтар мүшелерінің шынайы исламмен қиыспайтын жері – олар ислам тыйым салған көптеген әрекеттерге барады.

Ислам сөзін қазақшаға аударғанда «бейбітшілік» деген ұғымды білдірсе, әлгі топтардың әрекеті бейбітшілікпен еш жанаспайды. Пиғылы дұрыс емес діни ағымдарға дәстүрлі емес, деструктивті, экстремистік, радикалды, секта деп ат қойып, айдар тағып жүрміз. Олардың қай ағымдар екенін көзі қарақты оқырман біледі, бірқатарының әрекетіне заңмен тыйым салынды. Қандастарымыздың басқа діндерге өтуіне бірден-бір себеп – асыл дініміз Исламнан хабарсыздығы, түсініктерінің де таяздығы.

Бұл ағымдардың қоғам үшін қауіптілігі сонда, олар өз қатарына жастарды, қалаға жұмыс іздеп келген ауыл жастары мен шоғырланып тұратын студенттерді көп тартады. Қатарына қосу үшін жастардың рухани және материалдық қажеттіліктерін, әлеуметтік қиыншылықтарын, сондай-ақ, ғибадаттар мен киімі, жүріс-тұрысы тәрізді діннің сыртқы формаларына деген қызығушылықтарын қанағаттандыра отырып, әрқилы тәсілдерді пайдаланады. Нәтижесінде өзін «жаңа мұсылман» сезінген неофиттің бойында тәкаппарлық пайда болып, бір апта бұрынғы өз достарынан, жалпы, қоғамнан, кейде тіпті өз отбасынан оқшаулана бастайды. Сондықтан кім жылы сөз айтса, жұмыссыздығын пайдаланып тиын-тебен ұсынса, алдына асыл мұрат қоя алмаған, табанды көзқарасы жоқ, өмір сынына шыдай алмайтын жеңіл ойлылар соның шылауында кете барады.

Сонымен, діни экстремизм:

-қоғамдағы дәстүрлі діннің құндылықтарын жоққа шығару;

-дәстүрлі дінге жат «идеяны» белсенді насихаттау;

-зайырлы қоғамға қарсы әрекет ету;

-қоғамға белгілі бір діни конфессия бойынша өз түсініктері мен көзқарастарын насихаттау;

-елде ілеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тіл және діни алауыздықты қоздыру және осы ерекшеліктер бойынша азаматтардың құқықтарын шектеуді мақсат етеді.

Мұндай шектен шыққан экстремизм әртүрлі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, дінаралық жағдайдың ушығуына да себепкер болуда. Экстремистер қай діннің атынан белсенділік танытса, бәрінен де көп зиян шегетін сол дін. Олар адамдардың дінге деген құрметі мен сенімін өз мақсаттарына кеңінен пайдалана отырып, дін үшін әрекет етіп жүргендей көрінуге тырысады.

Діни экстремизммен бүкіл қоғам болып күресуіміз қажет. Жалпы, ұлт, дін, мемлекет ұғымдарын бөлшектемей, тұтас қарастыратын уақыт жеткен сияқты. Себебі, мемлекет және құқық теориясы ғылымында мемлекеттілік баянды болу үшін ең бастысы қоғамдық бір ізділік сақталуы тиіс. Ал қоғамдық бір ізділік сақталуы үшін қоғам бір




ұлт пен бір діннің құндылықтарының төңірегіне топтасуы керек. Осылай болғанда ғана тұғыры нық, кеуделі мемлекет құра аламыз. Ал мықты мемлекеттік құрылым – ұлт пен діннің абыройының асқақтауының басты кепілі. Сондықтан, құндылықтарды бір-біріне қарсы қоюды доғарып, қайта тұтастыққа қарастыруымыз шарт.

Осы орайда, еліміздегі діни экстремизмді болдырмау және оның алдын алу үшін шешуші қадамдар жасау қажет. Олардың ішінде мынадай жұмыстарды атқарған жөн:

-жастардың білімін жетілдіруге, мәдени өмірге, спортқа және бос уақытты өткізудің басқа да пайдалы түрлеріне қатысуына кең мүмкіндіктер жасау;

-еңбекпен және жұмыспен қамту саласындағы жастар үлесін арттыру, осыған орай жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің мониторингісін ұдайы жүргізіп отыру;

-жастардың баспана мәселесін шешуге көмек көрсету, қазақстандық қоғамдағы отбасы құндылықтарын дәріптеу, жас отбасыларды мемлекет тарапынан қолдауды күшейту;

-Қазақстандағы қоғамдық жағдайды тұрақсыздандыруға тырысатын кез келген экстремистік көріністерге жастардың қарсы тұра білуі үшін ақпараттық алдын алу жұмыстарды күшейту;

-жасөспірімдер мен жастардың дін, арұждан саласындағы біліміне қатысты сұрақтарына жауап іздеу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізу керек.

Осы ұсыныстарды жүзеге асыру жолына мүдделі және уәкілетті барлық органдар мен ұйымдарды тарту қажет.

Елбасының «Сындарлы он жыл» атты кітабында Қазақстан халқының 70% мұсылмандар құрайтынын және сондықтан еліміздің имамдары ислам дінінің қағида ережелерін халыққа түсінікті етіп баяндауы тиіс, яғни Ислам діні де кез келген басқа да діндер сияқты терроризммен, діни экстремизммен және радикализммен ешқандай байланысы жоқ екендігін айтқан.

Осыған байланысты, лаңкестік пен діни экстремизмге қарсы тұрудың тағы бір жолы - дін өкілдерінің сауаттылығын арттыра отырып, олардың уағызы арқылы өмірлікдағдылық және идеологиялық плюрализмнің, толеранттылықтың, заңға мойынсынудың дінге жат емес екендігін, керісінше құпталатынын түсіндіру. Имамдар жұма күнгі уағызбен шектелмей, көбірек эфирге де шыққаны абзал. Діни басқарманың қазақ және орыс тілдерінде шығатын «Meshit.kz», «Muftyat.kz» сайттарының өзі орасан зор жұмыс жасап отырғаны белгілі, осындай жұмыстарды әліде болса белсене атқарған абзал.

Дінімізді бұрмалап әртүрлі жаңалықтарды еңгізіп, дінімізден, тілімізден, мәдениетімізден, қазақты қазақ етіп көрсететін салт-дәстүрімізден, ұлттық құндылықтарымыздан айырып, халықтың арасында араздық, дұшпандық, жекқөрушілік, тасбауырлық тудырып, ынтымағынан, бірлігінен айырып ұмыттырғысы келгені, түрлі ағымдардың өте белсенді түрде жұмыс жасап жатқандығы – осының айғағы.

Сондықтан да бүгінгі таңда барлық қазақ халқы, яғни көзі ашық көкірегі ояу барлық азаматтарымыз тәуелсіздігімізді, дінімізді, тілімізді, береке бірлігімізді әрбір сәт, әрбір минут қорғауымыз қажет.

**Айдарханов Т.А.**

*(соңы келесі нөмірде)*

*Вниманию населения города*

# ПРАВИЛА ПОВЕДЕНИЯ ПРИ ПАВОДКЕ, НАВОДНЕНИИ

**Паводок, наводнение** – это значительное затопление местности в результате подъема уровня воды в озере в период снеготания, ливней, ветровых нагонов воды, при заторах, зажорах и т.п. В зоне затопления могут разрушаться системы водоснабжения, канализации, сливных коммуникаций, баннопрачечных сточных вод, места сбора мусора, нечистот и прочих отбросов. В этих зонах возрастает опасность возникновения и распространения инфекционных заболеваний.

**Действия в случае угрозы возникновения наводнения, паводка:**

Внимательно слушайте информацию о чрезвычайной ситуации и инструкции о порядке действий, не пользуйтесь без необходимости телефоном, чтобы он был свободным для связи с вами. Сохраняйте спокойствие, предупредите соседей, окажите помощь инвалидам, детям и людям преклонного возраста.

Подготовьте документы, одежду, наиболее необходимые вещи, запас продуктов питания на несколько дней, медикаменты. Сложите все в чемодан. Документы сохраняйте в водонепроницаемом пакете. Не помешает иметь фонарик с запасом батареек – для подачи сигналов бедствия в темноте.

Разъедините все потребители электрического тока от электросети, выключите газ.

Перенесите ценные вещи и продовольствие на верхние этажи или поднимите на верхние полки. Перегоните скот, который есть в вашем хозяйстве, на возвышенную местность

**Действие в зоне внезапного затопления во время наводнения, паводка:**

Сохраняйте спокойствие, не паникуйте. Быстро соберите необходимые документы, ценности, лекарства, продукты и прочие необходимые вещи.

Окажите помощь детям, инвалидам и людям преклонного возраста. Они подлежат эвакуации в первую очередь. По возможности немедленно оставьте зону затопления.

Перед выходом из дома отключите электро- и газоснабжение, погасите огонь в печах. Закройте окна и двери, если есть время – закройте окна и двери первого этажа досками (щитами).

Отворите хлев – дайте скоту возможность спасаться.

Поднимитесь на верхние этажи. Если дом одноэтажный – займите чердачные помещения.

До прибытия помощи оставайтесь на верхних этажах, крышах, деревьях или других возвышениях, сигнализируйте спасателям, чтобы они имели возможность быстро вас обнаружить. Проверьте, нет ли вблизи пострадавших, окажите им, по возможности, помощь.

Оказавшись в воде, снимите с себя тяжелую одежду и обувь, отыщите вблизи предметы, которыми можно воспользоваться до получения помощи.

Вернувшись после наводнения домой, осмотрите сначала, не подмыло ли фундамент, не рухнет ли что-нибудь сверху вам на голову. Проветрите помещения – в них могут скапливаться вредные газы. Газовую плиту не зажигайте до тех пор, пока не убедитесь, что нет утечки газа.

Из соображений безопасности лучше не употреблять подмоченные продукты, так как они могут быть загрязнены болезнетворными микробами. По этой же причине, прежде чем брать воду из колодца, надо его сначала осушить, почистить, затем откачивать воду до тех пор, пока она не станет пригодной для питья.

**ПРИ ЧРЕЗВЫЧАЙНЫХ СИТУАЦИЯХ ЗВОНИТЬ (круглосуточно): по телефону 101 или 112**

*Өзіңнен баста*

# КӨРНЕКІ АҚПАРАТ ПЕН ЖАРНАМАҒА - САУАТТЫЛЫҚ

Приозерск қаласы бойынша **«Көрнекі ақпарат пен жарнамаға - сауаттылық»** айлығы кезінде нысандар тексерілді. Тексеріс барысында 40 нысан (дүкендер, сұлулық салондары, кафелер т.б) қамтылды. Оның ішінде Достық,2 көшесінде орналасқан Г.Кунисованың атындағы «Самал» атты сұлулық салоны сыртқы маңдайша жазулары ҚР тіл туралы Заңнама талаптарына сай келмегендіктен ауыстырылды. Қалған қамтылған нысандардан қате рәсімделген жарнамалар орын алмады.

Осыған орай, қала тұрғындарына 2019 жылдың 1 ақпан мен 1 наурыз аралығында «Көрнекі ақпарат пен жарнамаға – сауаттылық!» атты облыстық айлық ұйымдастырылғанын хабарлаймыз. Сондықтан да қала тұрғындарына көшелерде кез-келген қате рәсімделген жарнамаға бейжай қарамай тікелей жарнама иесіне хабарласып, орын алған қателіктерді жоюға шақырамыз.

**ДЕЙІН**




Сіздерден заңбұзушылық орын алған объектінің мекенжайы мен атауын көрсете отырып, көрнекі ақпараттың сапалы фотосуреті мен сол фотосуретке қатысты пікірін **prio_ovp@krg.gov.kz** электронды мекенжайына немесе қалалық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің 8 710 39 5 27 92; 8 710 39 5 33 19 телефон номерлеріне хабарласуларыңызды сұраймыз.

**«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ**

**КЕЙІН**




# ХАБАРЛАНДЫРУ

**Қалалық мәслихаттың VI шақырылымының кезекті XXVIII сессиясы 2019 жылдың 20 ақпанында сағат 10.00- де өтеді**

**Сессия күн тәртібінде:**

1.Жасөспірімдер мен кәмелетке толмаған жастар арасындағы комиссиясының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

2.2018 жылға арналған бюджетте қарастырылған салықтық және басқа да бюджетке міндетті төленетін жоспарлы түсімдердің орындалуы туралы есебі.

3.Қалалық емхананың атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

4.Приозерск қаласында жемқорлыққа қарсы күрес бойынша атқарылған жұмыстары туралы есебі

5.«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

6.Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

7.«Приозерск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

8. Әртүрлі мәселелер.

**Сессия төрағасы П.Жұмаханова**

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

**Очередная XXVIII сессия городского маслихата VI созыва проводится 20 февраля 2019 года в 10.00 часов**

**В повестке дня:**

1.Отчет о проделанной работе комиссии по делам несовершеннолетних и подростков города

2. Отчет об исполнении плана по поступлениям в бюджет по налогам и другим обязательным платежам за 2018 год

3. Отчет о проделанной работе городской больницы

4. Отчет о проделанной работепо противодействию коррупций в городе Приозерск

5. Отчет о проделанной работе государственного учреждения «Отдел физической культуры и спорта города Приозерск»

6. Отчет о проделанной работецентра занятости населения акимата города Приозерск

7.Отчет опроделанной работе отдела жилищно коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции

8. Другие вопросы.

**Председатель сессии П.Жумаханова**

# ВНИМАНИЮ ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАТЕЛЕЙ

Согласно послания Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 10.10.2018 года главой государства поручено возвратить в государственную собственность не используемые по целевому назначению и используемые с нарушением земельного законодательства земельные участки.

В связи с этим согласно ст. 92, 94 Земельного кодекса Республики Казахстан принудительное изъятие земельных участков у собственников земельных участков и землепользователей производится в судебном порядке по иску органов, осуществляющих государственный контроль за использованием и охраной земель, по месту нахождения земельного участка.

Также данные владельцев выявленных земельных участков будут внесены в реестр недобросовестных землепользователей.

Список земельных участков не используемых по целевому назначению и используемых с нарушением земельного законодательства имеется в ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск».

**По всем вопросам обращаться в по адресу: г. Приозерск, ул. Балхашская, д. 5, каб. 301, 303, тел. 5-32-48, 5-45-16.**


**ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»**

**Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру. Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107**

**Время работы: с 10.00 час. до 19.00час. Выходной - Понедельник**

****

**Запись по телефону: мастера-парикмахеры: 8-775-274-25-87 (Анталий) 8-747-970-25-81 (Карлыгаш). На маникюр: 8-708-235-35-19 (Анастасия)**





# НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

**открыто после смерти Айназарова Дурназара, умершего 11 сентября 2018 года. имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу: г.Приозерск, ул. Кисунько, д.1Б. телефон 8-775-162-7005**


**Собственник: ИП Струментов А.В.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ **№ 17414-Г** от 24.12.2018 г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-106.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 07/599. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных обьявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**


*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*